

## 2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 72 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қаңтарда № 5191 болып тіркелді. 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2017 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер - 150 383 011,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдері бойынша - 36 245 122 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 2 646 431,9 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша - 111 491 457,2 мың теңге;

2) шығындар - 150 912 432,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 18 380 494 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 19 578 351 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 1 197 857 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 520 049 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 520 049 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - -19 429 964,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 19 429 964,3 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.03.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 179 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.08.2017 № 195 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.09.2017 № 208 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 211 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2017 № 218 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2017 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласына - 28 пайыз, Байғанинге - 50 пайыз, Мұғалжарға - 54 пайыз, Хромтауға - 65 пайыз және Әйтекеби, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласына - 28 пайыз, Байғанинге - 50 пайыз, Мұғалжарға - 54 пайыз, Хромтауға - 65 пайыз және Әйтекеби, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

3) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2017 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке Ақтөбе қаласы бюджетінен және аудандық бюджеттен бюджеттік алып қоюлардың көлемі 4 948 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақтөбе қаласына - 2 919 000 мың теңге;

Мұғалжар ауданына - 2 029 000 мың теңге.

4. 2017 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан жалпы сомасы 24 293 432 мың теңге нысаналы трансферттер есебінен түсім көзделсін.

Аталған соманы бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 4 тармаққа өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.03.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 211 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

5. Қазақстан Республикасының "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7-бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 24 459 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 269 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы - 24 459 теңге.

6. Қазақстан Республикасының "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9-бабына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің

қызметкерлеріне тұрғын жайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

7. Қазақстан Республикасының "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 10-бабына сәйкес 2017 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 52 075 219 мың теңге сомасында көзделді.

8. 2017 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 22 286 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекебиге - 2 372 000 мың теңге;

Алғаға - 2 685 000 мың теңге;

Байғанинге - 138 000 мың теңге;

Бірғызға - 2 195 000 мың теңге;

Қарғалыға - 1 909 000 мың теңге;

Мәртөкке - 3 129 000 мың теңге;

Темірге - 964 000 мың теңге;

Ойылға - 2 504 000 мың теңге;

Қобдаға - 2 792 000 мың теңге;

Шалқарға - 3 598 000 мың теңге.

9. 2017 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

халықаралық маңызы бар іс-шараларды өткізу уақытында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге - 54 710 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға - 202 333 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға - 632 351 мың теңге;

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге - 945 мың теңге;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге - 85 029 мың теңге;

"Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге - 48 844 мың теңге;

жергілікті деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге - 6 042 088 мың теңге;

саламатты өмір салтын насихаттауға - 124 704 мың теңге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге - 230 738 мың теңге;

амбулаториялық деңгейде дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды, сондай-ақ, балаларға арналған және емдік мамандандырылған тамақ өнімдерін сатып алуға - 4 882 373 мың теңге;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға - 55 304 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға - 225 919 мың теңге;

кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге - 53 800 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға - 491 835 мың теңге;

ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерін оқытуға - 495 мың теңге;

ішкі істер органдарының бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге - 8 632 мың теңге;

ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыныптық біліктіліктері үшін үстемеақы көлемін ұлғайтуға - 18 453 мың теңге;

инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстар бөлігін өтеуге - 2 237 982 мың теңге;

мемлекет мұқтаждары үшін жер учаскелерін алып қоюға - 36 967 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге - 205 846 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға - 100 000 мың теңге;

ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 26 629 мың теңге.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.03.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 179 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 211 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2017 № 218 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

10. 2017 жылға арналған облыстық бюджетке облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге республикалық бюджеттен сомасы 157 515 мың теңге кредиттер түскені ескерілсін.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

11. 2017 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 3 188 516 мың теңге;
- сандық білім беру инфрақұрылымын құруға – 560 900 мың теңге;
- орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 1 706 316 мың теңге;
- білім берудің ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының күрделі шығыстарына – 848 685 мың теңге;
- білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 950 951,9 мың теңге;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге - 300 000 мың теңге;
- коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 2 062 927,8 мың теңге;
- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға – 2 455 309,3 мың теңге;
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде жастарға арналған жатақхана салуға - 57 408 теңге;
- коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 595 104,4 мың теңге;
- ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 1 151 052,9 мың теңге;
- көп пәтерлі тұрғын үйлерге энергетикалық аудит жүргізуге – 1 140,1 мың теңге;
- елді мекендерді абаттандыруға және көгалдандыруға – 978 076,8 мың теңге;
- газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 40 463,6 мың теңге;
- алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге – 66 788,6 мың теңге;
- көлік инфрақұрылымын дамытуға – 908 567,1 мың теңге;
- аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге – 2 686 053 мың теңге;
- аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беруге – 278 052 мың теңге;
- елді мекендердегі өрттерді, дала өрттерін сөндіру бойынша өрт сөндіру бекеттерін ұйымдастыруға - 10 908 мың теңге;
- білім беру ұйымдарының ағымдағы жөндеуіне - 123 260 мың теңге;
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға – 835 142 мың теңге;
- мәдениет нысандарын дамытуға – 191 346,7 мың теңге;
- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға - 58 942 мың теңге;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін қолдануды ұйымдастыруға - 34 000 мың теңге;  
сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жұмыс істеуіне -15 000 мың теңге;  
елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға – 249 593,2 мың теңге;  
коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алуға - 6 119 мың теңге;  
жалпы білім беруге - 150 608 мың теңге;  
мәдениет ұйымдарының күрделі шығыстарына – 126 847,2 мың теңге;  
мәдениет ұйымдарының ағымдағы жөндеуіне – 8 000 мың теңге  
қалалар мен елді мекендердің абаттандыруын дамытуға – 466 231 мың теңге;  
мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар сатып алуға - 140 000 мың теңге

;

қалаішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыруға - 1 000 000 мың теңге;

балаларға қосымша білім беруге - 22 100 мың теңге;

мемлекеттік білім беру мекемелеріне гранттар беруге – 19 567 мың теңге.

Аталған трансферттер мен кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 11 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.03.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 179 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.08.2017 № 195 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 211 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2017 № 218 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

12. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2017 жылға арналған резерві 24 837,2 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 12 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.06.2017 № 179 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.08.2017 № 195 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 211 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2017 № 218 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

13. 2017 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*А.ТӨЛЕГЕНОВА*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*

*Облыстық мәслихаттың  
2016 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 72 шешіміне 1 - Қосымша*

## 2017 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 08.12.2017 № 218 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				Сомасы (мың теңге)
сыныбы				
ішкі сыныбы				
АТАУЫ				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	150 383 011,1
1			Салықтық түсімдер	36 245 122
	01		Табыс салығы	13 773 125
		2	Жеке табыс салығы	13 773 125
	03		Әлеуметтік салық	11 766 391
		1	Әлеуметтік салық	11 766 391
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	10 705 606
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10 705 606
2			Салықтық емес түсімдер	2 646 431,9
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 6 702,9
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	16 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 0 702,9
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 100 000
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 100 000
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 519 729
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 519 729
4			Трансферттердің түсімдері	111 491 457,2

01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	5 615 018,2
	2 Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	5 615 018,2
4	02 1 Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	105 876 439
	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	105 876 439

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Әкімші					
Бағдарлама					
АТАУЫ					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	150 912 432,4
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 892 530,7
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 189 480
		110		Облыс мәслихатының аппараты	40 242
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	39 677
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	565
		120		Облыс әкімінің аппараты	986 520
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	810 627
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 417
			007	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	50 835
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	12 790
			013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	95 943
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 908
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	162 718
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	161 998
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	720
	2			Қаржылық қызмет	1 25 871,2
		257		Облыстың қаржы басқармасы	9 7 448,2
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 4 750,2
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	813
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 885



	718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	28 423
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 860
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 563
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	1 26 275,5
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	1 26 275,5
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	96 562
5	258	005 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 106
01		061 Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	2 4 607,5
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	450 904
	269	Облыстың дін істері басқармасы	107 621
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 745
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	896
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	62 980
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	343 283
	061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	343 283
02		Қорғаныс	2 03 390,4
1		Әскери мұқтаждар	49 088
	120	Облыс әкімінің аппараты	49 088
	010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 894
	011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	37 194
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 54 302,4
	120	Облыс әкімінің аппараты	64 708
	012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	37 702
	014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	27 006
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	7 9 845,4
	002	Аумақтық органның және ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	7 3 646,4
	004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	6 199
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	9 749
	010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	9 749
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 236 095
1		Құқық қорғау қызметі	8 236 095

	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8 220 192
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 391 632
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 130
	005	Ақпараттық жүйелер құру	31 993
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 558 929
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	46 614
03	1 252 014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	6 3 176,5
	015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	7 1 007,5
	025	Халықаралық маңызы бар іс-шараларды өткізу уақытында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету	54 710
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	15 903
	005	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	15 903
04		Білім беру	36 441 044,7
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	261 562
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	261 562
	011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	261 562
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	21 804 446,7
	261	Облыстың білім басқармасы	1 641 737
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	959 126
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	598 377
	056	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	84 234
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 881 517,5
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 612 831,5
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	268 686
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	18 281 192,2
	008	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	11 713 190,7
	012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 568 001,5

4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	5 689 566
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	361 849
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	361 849
	261	Облыстың білім басқармасы	5 327 717
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	5 327 717
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	362 144
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	84 309
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	84 309
04 5	261	Облыстың білім басқармасы	277 835
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	277 835
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	8 323 326
	261	Облыстың білім басқармасы	8 323 326
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 513
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	667
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	28 572
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	284 959
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	304 642
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	105 175
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 500
	029	Әдістемелік жұмыс	54 355
	067	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	377 780
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7 047 163
05		Денсаулық сақтау	19 274 551
	1	Кең бейінді ауруханалар	661 262
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	661 262
	004	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитариялық көмек және медициналық ұйымдар мамандарының жіберуі бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуі	661 262

2		Халықтың денсаулығын қорғау	5 426 130,5
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	956 715
		005 Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	607 853
		006 Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	175 117
		007 Салауатты өмір салтын насихаттау	173 745
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 469 415,5
		038 Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 469 415,5
3		Мамандандырылған медициналық көмек	6 588 784
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 588 784
		009 Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты күйзелістен және мінез-құлқының бұзылуынан зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	3 486 494
05 3	253	019 Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	451 184
		020 Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	328 748
		021 Онкогематологиялық аурулармен ауыратын науқастарды химиялық препараттармен қамтамасыз ету	183 130
		022 Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ ағзаларды транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	515 494
		026 Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	220 208
		027 Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 363 745
		036 Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	39 781
4		Емханалар	2 098 037
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 098 037
		014 Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	1 867 299
		038 Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу	230 738
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	1 590 554
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 590 554

		011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	1 544 626
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	45 928
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2 909 783,5
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 909 783,5
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 5 888,5
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	251 784
		013	Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу	129 461
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	28 751
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық-талдамалық қызметтер	57 947
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 355 952
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 428 999,6
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	1 082 243
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	741 946
06	1	256	002 Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	288 345
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	404 757
		047	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне "Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	48 844
	261		Облыстың білім басқармасы	340 297
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	292 342
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	47 955
2			Әлеуметтік көмек	463 281
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	463 281
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	463 281
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	1 883 475,6
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 804 211,6

		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 635
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 0 820,6
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	419
		037	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	983 181
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 641
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	208 841
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	118 370
06	9	256	054 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	55 304
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	6 000
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	300 000
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	17 523
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	17 523
		268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 562
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 562
		270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	57 179
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57 179
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	20 242 077,5
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	13 825 728,1
		261	Облыстың білім басқармасы	183 376
		064	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	183 376
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	13 642 352,1

		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 612 841,8
		034	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	9 972 102,3
		072	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қызметтік тұрғын үй салуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жастарға арналған жатақханаларды салуға, салып бітіруге берілетін нысаналы даму трансферттері	57 408
2			Коммуналдық шаруашылық	6 416 349,4
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 728 468,9
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 872
07	2	279	004 Елді мекендерді газдандыру	4 32 479,3
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	380
		030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 388 127,9
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	100 894
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 336 752,1
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	4 03 963,6
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 87 880,5
		025	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	339 231
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	3 48 649,5
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	7 477 712,1
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	1 479 264
		273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 223 434
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	115 356
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	311 626
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	796 452
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	255 830
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	255 830

2		Спорт	4 053 370
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 379 725
		001 Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 309
		002 Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	86 719
		003 Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 188 081
		005 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 767
		032 Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	100
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	53 749
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	673 645
		024 Спорт объектілерін дамыту	673 645
3		Ақпараттық кеңістік	904 117
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	487 221
08	3	263 007 Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	487 221
		264 Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	138 563
		001 Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 489
		002 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	95 074
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	278 333
		009 Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	170 537
		010 Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	107 796
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 040 961,1
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	3 28 737,9
		001 Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 52 446,9
		003 Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	75 785
		005 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	506
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	6 20 564,2
		001 Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 641
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	686
		032 Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	366 224
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 91 013,2
	735	Облыстың сыртқы байланыстар және туризм басқармасы	91 659



		001	Жергілікті деңгейде сыртқы байланыстар және туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 310
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	210
		004	Туристік қызметті реттеу	2 7 562,4
		005	Облыстың инвестициялық имиджін арттыру	3 2 576,6
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 593 583,6
	1		Отын және энергетика	1 636 789,3
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	3 36 789,3
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	3 36 789,3
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 300 000
		011	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 300 000
09	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	9 56 794,3
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	6 16 742,3
		070	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 5 463,6
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	5 91 278,7
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	340 052
		070	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	340 052
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	11 399 239,5
	1		Ауыл шаруашылығы	10 671 737,8
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	10 451 971,2
